

ШАМШЫРАК



Түлкібас аудандық апталық қоғамдық-саяси газеті





Таза Қазақстан

ЭКО-АКЦИЯДА 2 МЫҢНАН АСТАМ АҒАШ ЕГІЛДІ

«Бұзушылыққа тоқтам» Telegram боты іске қосылды

Түркістан қаласында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында қоршаған ортаны қорғау мен экологиялық мәдениетті қалыптастыруға бағытталған ауқымды іс-шара өтті. Игі бастамаға Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшеров, облыстық басқармалар мен департаменттер басшылығы мен ұжымы, мемлекеттік қызметшілер, қала тұрғындары, тазалыққа жауапты мекеме жұмысшылары және Түркістан қаласы әкімдігі мен қоғамдық ұйым өкілдері қатысты.



Түркістан облысында құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында прокуратура мен полиция бірлесіп «Бұзушылыққа тоқтам» Telegram-ботын (мысалы, xnews.kz жаңалығынан көруге болады) іске қосты. Бұл платформа арқылы азаматтар есірткі жарнамасы, вандализм, жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтар және алаяқтық фактілері туралы жедел хабарлай алады.



ағаш егу жұмыстары жүргізілді. Нәтижесінде бір күнде 1200 түп Қырым қарағайы мен 1000 түп жапырақты ағаш егілді. Осылайша, жалпы саны 2200 ағаш көшеті егіліп, Түркістанға кіреберістегі жасыл белдеу айтарлықтай толықты. Болашақта бұл аумақ саялы баққа айналмақ.

Бұл бастама Түркістан қаласының экологиялық жағдайын жақсартуға, жасыл желектер көлемін арттыруға және тұрғындардың табиғатқа деген жауапкершілігін күшейтуге бағытталған. Таңғы 7:30-дан бастап ағаш еккен көпшілік қауым көтеріңкі көңіл-күймен тарқасты. Көгалдандыру жұмыстары алдағы уақытта да жалғасын табады.

Айта кетейік, Түркістан облысында 2021-2025 жылдар аралығында 800-ден астам елді мекенде 3,6 миллионнан астам ағаш көшетін егу көзделген. Ал биыл «Таза Қазақстан» бағдарламасы арқылы 1 миллион түп ағаш егу жоспары бекітіліп, нақты жұмыстар жалғасып жатыр.

Түркістан облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Өңір басшысы Нұралхан Көшеров табиғат жанашырларымен кездесіп, бірге көшет екті.

«Таза Қазақстан» – бір жылдық бағдарлама емес. Ол өмір салтымызға айналуға тиіс. Тек акцияларда ғана емес, күнделікті өмірде ағаш егіп, тазалықты сақтай білсек, оны насихаттап, жастарды да игі іске жұмылдырсақ, бастама өз

жемісін береді. Барша облыс тұрғындарын аймақты көгалдандыруға үлес қосуға шақырамыз, – деген Нұралхан Көшеров ел ағаларымен, жастармен пікір алмасты.

Іс-шара аясында қаланы көгалдандыру және экологиялық ахуалды жақсарту мақсатында жаппай

ЖАҢА ЖОБАЛАР ІСКЕ АСЫРЫЛУДА

Аудан әкімі Асқар Естібаев жауапты мамандармен бірге Рысқұлов ауылдық округінде болып, округ аумағында ауданның даму жоспарына енгізілген және жаңадан ұсынылған жобалармен танысты.

Атап айтқанда, Азаттық елді мекенінде салынып жатқан 300 орындық банкет залы мен шағын сауда орталығының құрылыс барысын бақылап көрді.

Сонымен қатар, округ орталығында жаңадан салынуы жоспарланып отырған сауда үйінің орнына барып, жоба иесінің жоспарларымен танысты.

Бұдан кейін аудан басшысы Азаттық елді мекенінен шығар тұста құрылысы басталған, 1000 бас ірі қара мал бордақылауға арналған «Сабанат» шаруа қожалығында болды. Кәсіпкердің айтуынша, ол өзіне тиесілі 2 гектар жерге заманауи 3 қора салуды жоспарлап отыр. Жобаның жалпы құны 300 млн. теңгеден асады. Қазіргі таңда жер телімін тегістеу және жер асты суын шығару жұмыстары жүргізілуде.

Рысқұлов ауылдық округіндегі



жұмыс сапарын Асқар Сұлтанұлы «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» автодәлізі бойында салынып жатқан жол бойы қызмет көрсету орталығында қорытындылады. Жалпы құны 1 млрд 400 млн. теңгені құрайтын жобада ауыр жүк көліктеріне қызмет көрсету, тамақтану, демалыс орындары, монша және сауда нүктелері қарастырылған.

Аудан әкімі аталған кәсіпкерлік нысандардың иелерімен кездесіп, мемлекеттік қолдау шараларын түсіндіріп, жауапты мамандарға

құжаттарды заңдастыруға көмек көрсетуді тапсырды. Сонымен қатар, жол бойы қызмет көрсету орталығына газ тарту мәселесін қарастырып, заң аясында тиісті жұмыстары пысықталды.

Айта кетейік, бүгінгі таңда Рысқұлов ауылдық округінде халыққа қызмет көрсету бағытында 62 жеке кәсіпкерлік нысан жұмыс істеп тұр. Бұл нысандарда 500-ден астам тұрғын тұрақты жұмыспен қамтылған.

Түлкібас ауданы әкімдігінің баспасөз қызметі.

ТАЗАЛЫҚ - ТІРШІЛІКТІҢ ТІРЕГІ



Елімізде дәстүрлі түрде өтіп келе жатқан «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы – қоршаған ортаны қорғауға, туған жердің табиғатын аялауға бағытталған маңызды шаралардың бірі. Бұл акция – жай ғана сенбілік емес, бұл – елге, жерге деген сүйіспеншіліктің көрінісі.

Апта сайынғы тазалық жұмыстарына ауданымыздың еңбек ұжымдары, білім беру мекемелері, мемлекеттік қызметкерлер мен жастар белсене қатысып келеді. Әсіресе, ауыл-аймақты күл-қоқыстан арылтып, жасыл аймақтарды күтіп-баптауда көптің бірлескен еңбегі көрініс табады.

«Таза Қазақстан» тек қоқыс жинаумен шектелмейді. Бұл – ел болашағына деген жанашырлық, өскелең ұрпаққа үлгі боларлық өнеге. Себебі, табиғатты аялау – ұлтты аялау. Ал ұлттың болашағы – таза, жайқалған, экологиялық тұрғыда қауіпсіз ортада өмір сүруі тиіс.

Айналаны таза ұстау – әрбір адамның қолынан келетін іс. Сол себепті барша аудан тұрғындарын қоршаған ортаға бейжай қарамай, акция аясында ғана емес, күнделікті өмірде де тазалықты сақтауға шақырамыз.

Бірлескен еңбек – береке бастауы. Табиғатты аялау – болашаққа салынған көпір. Келешек ұрпақ бізден тек жарқын болашақ емес, таза қоршаған орта күтіп отырғанын естен шығармайық.